

Хаттама №1

Қамқоршылық кеңесі болып өтті

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 2

Өткізілген күні: 2025 жылдың 24 қараша

Өткізілген орны: «Қ.Жарылғасынов атындағы Жаңалық орта мектебі» КММ

Қатысқандар: мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы, мақсаты, міндеттері, жоспарымен танысу.
2. 2025- 2026 оқу жылының I тоқсанда атқарылған жұмысының есебі.
3. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы хабарлама.
4. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы.
5. Мектептің ішкі тәртібі бойынша мәселелерді қарау.
6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **1-мәселе бойынша** қамқоршылық кеңестің төрайымы Б.Белдеуова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 27.07.2017 жылғы №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
2. Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.
3. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
4. Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
5. Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
6. ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.

7. Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
8. Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Мектеп директор Б.Кизатов қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

2-мәселе бойынша: Мектеп директоры Б.Кизатов I тоқсанда атқарылған жұмыстары бойынша есеп берді.

3-мәселе бойынша: «Мектепке жол» акциясы туралы хабарлама Баяндамашы: қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Тамыз айында «Мектепке жол – 2025» республикалық акциясы аясында оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдары таратылды. Акцияға ауыл кәсіпкерлері, ұстаздар ұжымы және ата-аналар белсенді атсалысты.

4-мәселе бойынша: Мектебіміздің әлеуметтік педагогі Ж.Кәкімбекова ыстық тамақпен қамтылуына тоқталып, бастауыш сыныптарда- 29, 5-11 сыныптар арасында- 4 оқушы тамақтанады. Қазіргі таңда оқушылар кюар арқылы асханаға кіріп, тіркеліп, тамақтанатыны туралы және айтып өтті.

5-мәселе бойынша: Мектептің ішкі тәртібі туралы Баяндамашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Жунисова Мектептің ішкі тәртіп ережесі ҚР Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп қағидаларына сай жаңартылып, барлық сыныптарда таныстырылды. Сабаққа кешігу, мектеп формасын сақтамау, ұялы телефонды сабақ үстінде қолдану сияқты тәртіп бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында профилактикалық шаралар жүргізілуде. Кеңес мүшелері оқушылар арасында өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенділігін арттыруды, тәртіпті сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған түсіндірме жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

6-мәселе бойынша: «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Жунисова баяндама оқыды.

Жиналыс қаулы етіледі:

1. Бастауыш сыныптар мен аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларын тегін ыстық тамақпен қамту шараларын тұрақты жүргізу.
2. Сынып жетекшілеріне оқушылардың мектеп формасының сақталуын тұрақты бақылау міндеттелсін.
3. Көмекке мұқтаж отбасылардың тізімі жыл бойы жаңартылып отырсын.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау бойынша оқушылар мен ата-аналарға үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Кеңес төрағасы:  Б.Белдеуова

Хатшы:  Г.Жунисова